



ҚАУЛЫ

« 12 » шілде 2023 ж/г
Семей қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 1/3-VIII
город Семей

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексінің 77-2 тарауын қарау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 3-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттарының 2023 жылғы 14 маусымдағы №ДЗ-224 депутаттық сауалын талқылап, Абай облысы мәслихатының тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

Ұсыну:

1. Абай облысының жергілікті атқарушы органы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 77-2-тарауында көзделген бөлшек салықтың арнайы салық режиміне қатысты шешім жобасын әзірлеуші органды белгілеуге.

2. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әзірлеуші орган құрамына Абай облысы бойынша «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының және Абай облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдерін міндетті түрде енгізе отырып жұмыс тобын құруға.

3. Облыстың жергілікті атқарушы органы Абай облысының Мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп ағымдағы қаржы жылының соңына қарай осы салық салуға талдау жүргізуге.

4. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әзірлеуші органға 2023 жылдың 3 тоқсанынан кешіктірмей «Абай облыстық мәслихатының аппараты» ММ-не атқарылған жұмыс туралы ақпарат беруге.

5. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.





ҚАУЛЫ

« 12 » шолл 20 23 ж/т
Семей қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 1/3-VIII
город Семей

О рассмотрении главы 77-2 Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)»

В соответствии с пунктом 3 статьи 14 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» рассмотрев депутатский запрос депутатов фракции ДПК «Ақ жол» Мажиліса Парламента Республики Казахстан от 14 июня 2023 года №ДЗ-224 по вопросу специального налогового режима розничного налога предусмотренного главой 77-2 Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» постоянная комиссия маслихата области Абай **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

Рекомендовать:

1. Местному исполнительному органу области Абай определить органа-разработчика проекта решения касательно специального налогового режима розничного налога предусмотренного главой 77-2 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)».
2. В соответствии с действующим законодательством органу-разработчику создать рабочую группу с обязательным включением в ее состав представителей палаты предпринимателей «Атамекен» по области Абай и Департамента государственных доходов области Абай.
3. Местному исполнительному органу области Абай совместно с Департаментом государственных доходов области Абай провести анализ данного налогообложения к концу текущего финансового года.
4. По результатам проведенного анализа органу-разработчику, не позднее 3 квартала 2023 года предоставить информацию о проделанной работе в ГУ «Аппарат маслихата области Абай».
5. Настоящее постановление вводится в действие с момента принятия.

Председатель
постоянной комиссии



Қ. Әділбай